

КЕЛІСІЛГЕН:
Әдеп жөніндегі кенес тәрайымы

Жасе О.А.Ким



Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмысының ұйымдастыру туралы ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1.1 Кенес өз қызметін "Білім туралы", "Педагог мәртебесі туралы" Қазакстан Республикасының Зандарына, осы Қағидаларға, өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырады және объективтілік пен әділдік, әдептілік, қоғамдық пікір мен жариялышықты есепке алу қағидаттарын басшылыққа алады.

1.2 Осы Ереже педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің қызметін ұйымдастыруды айқындауды. Педагогикалық әдеп жөніндегі кенес (бұдан әрі-Кенес) білім беру ұйымдарында құрылатын, педагогтердің педагогикалық әдепті сақтауы мәселелерін карайтын алқалы орган болып табылады.

1.3 Білім беру ұйымының педагогикалық әдеп жөніндегі кенесіне педагогтердің педагогикалық әдепті сақтауы мәселелері бойынша жеке және занды тұлғалар жүргіне алады.

1.4 Кенес өз қызметінде зандылық, объективтілік және әділдік қағидаттарын басшылыққа алады.

2. Кеңестің негізгі міндеттері, функциялары мен өкілеттіктері

2.1. Кеңестің негізгі міндеттері:

- 1) педагогикалық әдепті бұзушылықтардың мониторингі, профилактикасы және алдын алу;
- 2) білім беру ұйымдарында педагогикалық әдептің сақталуын қамтамасыз ету;
- 3) педагогикалық әдепті бұзуга ықпал еткен себептер мен жағдайларды талдау;
- 4) педагогтердің тәртіптік жауапкершілігі туралы мәселені дұрыс қаруа үшін қажетті және жеткілікті мән-жайларды жан-жақты, толық және объективті зерттеу.

2.2 Педагогикалық әдеп жөніндегі кенес өз құзыреті шегінде:

- 1) өз отырыстарында білім беру ұйымдарының педагогтері мен өзге де тұлғаларын тындауға;
- 2) алдында тұрған міндеттерді орындау үшін қажетті құжаттарды, материалдарды және білім беру ұйымының ақпаратын сұратуға;

3) білім беру ұйымының педагогтерінен және өзге де тұлғаларынан түсініктемелер талап етуге міндетті;

4) білім беру ұйымының басшысына педагогикалық әдепті бұзу фактілеріне тексеру жүргізу туралы ұсыныстар енгізу;

5) білім беру ұйымының басшысына еңбек тәртібін нығайту, педагогикалық әдепті бұзушылықтардың профилактикасы жөнінде ұсынымдар енгізуге міндетті;

6) білім беру ұйымы басшысының қарауына педагогтерді педагогикалық әдепті бұзғаны үшін тәртіптік жауапкершілікке тарту туралы ұсынымдар енгізуге міндетті;

7) педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің ұсынымдарын орындау жөнінде тиісті шаралар қолданбаған лауазымды адамдардың жауапкершілігін қарау туралы ұсыныстармен құзыретті мемлекеттік органдарға немесе білім беру ұйымының құрылтайшыларына жүгінуге;

8) тараптарды татуластыру бойынша жұмыс жүргізеді.

3. Кенес қызметін ұйымдастыру

3.1 Кеңестің өкілеттік мерзімі үш жыл.

3.2 Кенес төрагадан, хатшыдан және Кенес мүшелерінен тұрады. Кенес мүшелерінің саны тақ болуы және кемінде жеті адам болуы тиіс.

3.3 Кенеске келесі тұлғалар кіреді:

1) кенес кәсіподактардың және (немесе) білім беру саласындағы қызметті жүзеге асыратын үкіметтік емес ұйымдардың және (немесе) қоғамдық бірлестіктердің өкілдерінен тұруы тиіс;

2) кемінде екі педагог;

3) лайықты демалысқа шықкан педагогтер.

3.4 Білім беру үйымының басшысы, білім беру үйымының басқарушылық, әкімшілік, косалкы персоналдының қызметкерлері, осы білім беру үйымының білім алушылары мен тәрбиеленушілерінің ата-аналары Кеңес құрамына оның мүшелері ретінде енгізілмейді. Бұл ретте Кеңес хатшысы ретінде білім беру үйымының басқарушы, әкімшілік, көмекші персоналдының қызметкерлері жіберіледі.

3.5 Кеңес білім беру үйымының педагогикалық кеңесінде сайланады:

1) кеңесті қалыптастыру кезінде заннама талаптарының сакталуын қамтамасыз етеді; 2) кеңесті уақытылы сайлау үшін қажетті рәсімдердің жүргізуін қамтамасыз етеді; 3) кеңес жұмысына жағдай жасайды және жәрдем көрсетеді.

3.6. Кеңес құрамы білім беру үйымы басшысының бұйрығымен бекітіледі.

3.7 Кеңестің Төрағасы мен хатшысы бірінші отырыста Кеңес құрамынан көпшілік дауыспен сайланады.

3.8 Кеңес мүшесі, егер ол не онымен бірге тұратын жақын туыстары өзіне қатысты тәртіптік іс қозғалған адаммен, туыстық қатынастармен байланысты болса не аталған адамға қызметтік немесе өзге де тәуелді болса, тәртіптік іс бойынша талқылауға және дауыс беруге қатыса алмайды. Кеңес мүшесі тиісті іс бойынша Кеңестің талқылауы мен дауыс беруіне дейін осы мән-жайлар туралы кеңес мүшелеріне хабарлайды.

3.9 Кеңес отырысқа қатысып отырған Кеңес мүшелері санының жай көпшілік даусымен шешімдер қабылдайды. Дауыстар тең болған кезде төрағалық етушінің дауысы шешуші болып табылады. Әдет жөніндегі кеңес мүшелері дауыс беру кезінде қалыс кала алмайды. 3.10 Кеңес төрағасы болмаған жағдайда оның тапсырмасы бойынша кеңес мүшелерінің бірі төраға міндетін атқарады.

3.11 Кеңестің отырысы хаттама түрінде ресімделеді, оған Кеңестің төрағасы мен хатшысы қол қояды.

4. Кеңес құрамына кірмейтін адамдар:

4.1 сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп таныған;

4.2 сот белгілі бір мерзім ішінде мемлекеттік лауазымдарды атқару құқығынан айырған; 4.3 Мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылыш үшін жұмыстан шығарылды;

4.4 бұрын сотталған немесе тармактар негізінде қылмыс жасағаны үшін қылмыстық жауаптылықтан босатылған 3), 4), 9), 10) және 12) Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабының бірінші бөлігі немесе 36-бабы;

4.5 құқық қорғау органдарынан, арнаулы мемлекеттік органдар мен соттардан, әскери қызметтен теріс себептер бойынша жұмыстан шығарылғандар, жұмыста (қызметте) болмау негізінде адам қатарынан үш және одан да көп сағат бойы дәлелсіз себеппен жұмыстан шығарылған жағдайларды қоспағанда.

5. Кеңес төрағасы мен мүшелерінің құқықтары мен міндеттері

5.1 Кеңестің жұмыс жоспары және отырыстардың күн тәртібі бойынша ұсыныстар енгізу; 5.2 Кеңес отырыстарына материалдар мен оның шешімдерінің жобаларын дайындауға қатысу;

5.3 Кеңес қарайтын мәселелерді талқылауға қатысу.

6. Педагогикалық әдепті сактау туралы мәселені қарау кезінде педагогтің құқықтары

6.1 қаралып отырған мәселе туралы акпаратты жазбаша түрде алу;

6.2 қаралып отырған мәселе бойынша барлық материалдармен танысу;

6.3 өз құқықтары мен занды мүдделерін занфа қайши келмейтін барлық тәсілдермен жеке өзі немесе Қазақстан Республикасының заннамасында белгіленген тәртіппен өкіл арқылы қорғау;

6.4 жазбаша түрде шешім қабылдау;

6.5 қабылданған шешімге Қазақстан Республикасының заннамасында белгіленген тәртіппен шағымдану.

7. Педагогке қатысты тәртіптік іс кезенге тоқтатыла тұрады:

7.1 уақытша енбекке жарамсыздық;

7.2 демалыста немесе іссапарда болу;

7.3 мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерді орындау уақытында өзінің лауазымдық міндеттерін орындаудан босату;

7.4 даярлауда, кайта даярлауда, біліктілікті арттыру курсарында және тағылымдамада болу

7.5 хатшы тәртіптік жауапкершілікке тартылатын адамдарды Кеңес отырысының өткізілетін орны мен уақыты туралы хабардар ету жөнінде шаралар қабылдайды.

7.6 Кеңес отырысында тәртіптік істі карау, егер олар отырыс өткізілгенге дейін кемінде үш күн бұрын Кеңес отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарланған болса, тәртіптік жауаптылыққа тартылатын адамдардың катысуынсыз жүргізуі мүмкін.

8. Кеңес отырысында қаралатын педагогтің тәртіптік жауапкершілігі мәселелері

8.1 Педагогтің тәртіптік жауапкершілігін карау үшін негіз болып табылатын накты іс-әрекет (әрекетсіздік) орын алды ма;

8.2 бұл әрекет (әрекетсіздік) тәртіптік теріс қылық болып табыла ма және ол қандай заннама нормаларын бұза отырып жасалды;

8.3 бұл этиканы бұзуды мұғалім жасады ма;

8.4 мұғалімнің кінәсі осы теріс қылықты жасауда көрінеді ме;

8.5 істі карау корытындысы бойынша кеңес білім беру үйімінің басшысына педагогке тиісті жаза қолдануды және (немесе) қолданбауды ұсынады.

8.6 Кеңестің шешімі ұсынымдық сипатта болады.

9. Кеңестің тәртіптік істі карау қорытындыларына ұсынымдар

9.1 Білім беру үйімінің басшысы Кеңестің ұсынымын карау кезінде еңбек және өзге де заннама талаптарына сәйкес шешім қабылдайды.

9.2 білім беру үйімінің басшысына педагогке тиісті тәртіптік жаза қолдануға және (немесе) қолданбауға ұсынылсын;

9.3 мұғалімге жазаның қандай түрін қолдану ұсынылады

9.4 тәртіптік істі тоқтату.

9.5 педагогке қатысты талқылаулар және олардың негізінде қабылданған шешімдер оның жазбаша келісімімен ғана жария етілуі мүмкін.